

9қаңтар күні КЕМЕ (кәсіби ерекше мұғалімдер еңбегі) “Сапалы сабақ – нәтижелі білім кепілі” тақырыбында “Әдістемелік лайфхак” кеңесу– әдістемелік сессиясы болып өтті.

Мақсаты: педагогтердің кәсіби өсуіне қолдау көрсету, тәжірибе алмасу, әдістемелік лайфхактармен бөлісу арқылы оқу тиімділігін арттыру.

Жоспарға сай лайфхак өткізуші тарих пәні мұғалімі педагог-зерттеуші Назарханова Құралай мен Биология пәні мұғалімі педагог сарапшы Карагужина Кенжегул өткізді.

Сабақ барысында «Educaplay» ,”Kwiz au”, “Wordwall”платформасымен таныстырып, сабақта тиімді қолданудың жолдары көрсетіліп, педагогтермен нақты іс-тәжірибелер ортаға салынды.

Сабақта интернетсіз қолдануға болатын интернетсіз шаблондар Мерген,Фотоаппарат,Поларойд,Асық астындағы сұрақтар атты шаблондар – сабақты ойын түрінде түрлі тапсырмалар ұйымдастыру мұғадімдерге көмекші құралы болып табылады.

Тренинг құрылымы:

1. Кіріспе:

– "Ойын арқылы оқыту" ұғымы

2. Теориялық бөлім:

– Educaplay деген не?

– Артықшылықтары:

- Қызықты, интерактивті

- Жылдам қызықты тапсырмалар орындау

- Барлық оқушыны қамтиды

– Сабақтың қай кезеңінде қолдануға болады? (Үй тапсырмасы, қорытынды )

3. Пән мұғалімдері өз пәндеріне қатысты түрлі қызықты тапсырмалар құру арқылы өз білімдерін сынап көрді.

Платформа:

- Интерактивті оқыту элементтерін қамтиды

- Оқушылардың қызығушылығын арттырады

- Компьютер, планшет немесе смартфон арқылы қолдануға ыңғайлы.

Мұғалімдер өздері қызықты түрлі тапсырмалар құрастыра алады берілген тапсырмалар білім алушыларды терең ойлап ,тез жауап беру дағдыларын қалыптастырады.Сабакқа деген қызығушылықтарын арттырады.

Сілтеме:

<https://www.instagram.com/reel/DTXV0wjjHja/?igsh=cTBscjU5bTl1a2tx>